9.8. Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасын және жиналыстың хатшысын сайлауды жүргізеді және дауыс беру нысанын анықтайды – ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша). Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлау мәселесі бойынша дауыс беру барысында әр акционерде бір дауыс болады, ал шешім қатысып отырғандар санының қарапайым дауыс басымдылығымен қабылданады.

9.9. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы - қаралып жатқан мәселе бойынша пікір-таластарды тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

9.10. Акционерлердің Жалпы жиналысы – күн тәртібінің барлық мәселелері қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан соң ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

9.11. Жиналыстың хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен растығы үшін жауап береді.

10-бап. Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдерін қабылдау

10.1. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беруді жүргізу жолымен қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру - акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), я болмаса акционерлердің Жалпы жиналысының мәжілісін өткізбестен қолданылуы мүмкін.

10.2. Сырттай дауыс беруді өткізу барысында, бір нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Дауыс берудің нәтижелеріне әсер ету мақсатында, дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жегелеген акционерлерге саралап жіберуге Қоғамның құқығы жоқ.

10.3. Дауыс беруге арналған Бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға келесі мерзімдерде жіберілуі тиіс:

1) пошта байланысы құралдарын пайдаланған жағдайда – акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін кемінде қырық бес күнтізбелік күн бұрын;

2) хабарламаны электрондық әдіспен жіберген жағдайда немесе оны қаржылық есептілік депозитарінің интернет-ресурсында орналастырған жағдайда – акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін кемінде отыз күнтізбелік күн бұрын.

10.4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерде келесілер болуы тиіс:

- 10) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 11) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 12) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың ақырғы күні;
- 13) акционерлердің жалпы жиналысының жабылу күні;
- 14) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 15) сайлауға ұсынылған кандидаттардың аты-жөні, егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса;
- 16) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
- 17) «қолдағандар», «қарсы болғандар», «қалыс қалғандар» сөздерімен бейнеленген, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 18) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетень толтыру) тәртібін түсіндіру.

10.5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге – акционер-жеке тұлға (акционердің өкілі - жеке тұлға), осындай тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтердің көрсетілуімен, қол қоюы тиіс.

Акционер - заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы (акционер - заңды тұлғаның өкілі) қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционердің өкілі қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционердің өкілінің өкілеттіктерін растайтын сенімхаттың немесе өзге құжаттың көшірмесі қоса тіркеледі.

Акционер - жеке тұлға немесе акционер - заңды тұлғаның басшысы немесе акционер - жеке тұлғаның өкілі немесе акционер - заңды тұлғаның өкілі қол қоймаған бюллетень жарамсыз болып есептеледі.

Дауыстарды есептеу кезінде бюллетеньде – акционермен (акционердің өкілімен) бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің болжалды нұсқаларының бірі ғана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар есепке алынады.

10.6. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе бар болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттар үшін берілген дауыстардың санын көрсетуге арналған алаңдар болуы тиіс.

10.7. Егер сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында тиісті жолмен толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден – дауыстарды есептеудің тағайындалған күнінен ерте келіп түскен болса, онда дауыстарды ертерек күнмен есептеуге жол беріледі, бұл – дауыс беру қорытындысы туралы хаттамада көрініс табады.

11-бап. Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама және акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы

11.1. Дауыс беру қорытындысы бойынша жиналыс хатшысы дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жасап, оған қол қояды.

11.2. Акционерде дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір болған жағдайда хатшы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

11.3. Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін, хаттаманы жасауға негіз болған, көзбе-көз құпия және сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдер (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен қоса тігіліп, қоғамда сақталады.

11.4. Дауыс беру қорытындысы туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосылуы тиіс.

11.5. Дауыс беру қорытындысы дауыс беру жүргізілген акционерлердің жалпы жиналысында жария етіледі.

11.6. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына – оларды қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау жолымен және қоғамның жарғысымен анықталған тәртіпте (осындай тәртіп болған жағдайда), акционерлердің жалпы жиналысының жабылу күнінен кейін он бес күнтізбелік күннің ішінде жеткізілуі тиіс.

11.7. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуы тиіс.

11.8. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында келесілер көрсетіледі:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөйлеген сөзі;
- 9) акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беруге қойылған күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

Жалпы жиналыста қоғамның директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында – директорлар кеңесінің таңдалған мүшесі қай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) директорлар кеңесіне сайланған мүшелердің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

11.9. Көзбе-көз тәртіпте өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына акционерлердің жалпы жиналысының Төрағасы мен Ұатшысының қолы қойылуы тиіс.

11.10. Сырттай дауыс беру жолымен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы қол қоюы тиіс.

11.11. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындысы туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу, дауыс беру және хаттамаға қол қою құқығын беретін сенімхаттармен және хаттамаға қол қоядан бас тарту себептерінің жазбаша түсіндірмелерімен қоса тігіледі. Аталған құжаттар атқарушы органмен сақталуы тиіс және акционерлерге кез-келген уақытта танысып шығу үшін ұсынылуы тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

12-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі, оның құзыреті және оның шешімдерді қабылдау тәртібі

12.1. Қоғамның директорлар кеңесі – Заңмен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауы жүзеге асырады.

12.2. **Егер Заңмен және (немесе) осы Жарғымен өзге жағдайлар белгіленбеген болса, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер кіреді:**

12.2.1. Қоғам қызметінің басымдықты бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау;

12.2.2. акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

12.2.3. акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін қалыптастыру;

- 12.2.4. акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына акцияларды орналастыру (сату) бойынша ұсыныс енгізу, соның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы ұсыныс енгізу;
- 12.2.5. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 12.2.6. директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 12.2.7. Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару бойынша шешімдер қабылдау;
- 12.2.8. Бас директорды сайлау, оның өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 12.2.9. Бас директордың лауазымдық еңбекақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 12.2.10. Ішкі аудит департаментінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның бастығын және мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит департаментінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит департаментінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын және мөлшерін анықтау;
- 12.2.11. Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және оған сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 12.2.12. қаржылық есептілікке аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның қызметіне төленетін төлемақының, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге табысталған немесе ірі мәміленің тақырыбы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушыға төленетін төлемақының мөлшерін анықтау;
- 12.2.13. Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган тарапынан қабылданатын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде, Қоғамның бағалы қағаздарына жазылудың және аукциондарды өткізудің тәртібі мен шарттарын белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 12.2.14. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 12.2.15. басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызын немесе одан артығын Қоғамның сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;
- 12.2.16. акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызы немесе одан артығы қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметтің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 12.2.17. Қоғамның міндеттемелерін – оның меншікті капиталы мөлшерінің он пайызын және одан артық бөлігін құрайтын шамаға ұлғайту;
- 12.2.18. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын, Қоғам жайлы немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 12.2.19. Қоғам тарапынан жасалуында мүдделілігі бар мәмілелерді және ірі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау, бірақ Жарғының 6.8.23 тармағы мен 6.8.24 тармағына сәйкес, жасалуы туралы шешім Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысымен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда. Заңның 68 бабының 1-тармағына сәйкес, ірі мәміле ретінде келесілер танылады:
- 4) нәтижесінде құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес пайызын және одан артық бөлігін құрайтын мүлік Қоғаммен сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алуы мүмкін немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жиынтығы;
- 5) нәтижесінде Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды өтеуін төлеп алуы мүмкін немесе бір түрдегі орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес пайызы және одан артық бөлігі мөлшерінде қоғамның өтеуін төлеп алған бағалы қағаздарын сатуы мүмкін мәміле немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жиынтығы;

- б) Қоғамның жарғысымен ірі мәміле ретінде танылатын өзге мәміле.
- 12.2.20. Заңмен және (немесе) Қоғамның осы Жарғысымен қарастырылған, акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер.
- 12.3. Жасалуында мүдделілігі бар мәмілені қоғамның жасауы туралы шешім – оның жасалуына мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым дауыс басымдылығымен қабылданады.
- 12.3.1. Жасалуында мүдделілігі бар мәмілені қоғамның жасауы туралы шешім – акционерлердің жалпы жиналысымен, оның жасалуына мүдделі емес акционерлердің дауыстарының басымдылығымен келесі жағдайларда қабылданады:
- 1) егер қоғамның директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;
 - 2) шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауы себепті осындай мәмілені жасау туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдай алмайтын болса.
- 12.3.2. Жасалуында мүдделілігі бар мәмілені қоғамның жасауы туралы шешім акционерлердің Жалпы жиналысымен қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым дауыс басымдылығымен қабылданады, егер де қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері және жай акцияларды иемденетін барлық акционерлер мүдделі тұлғалар болып табылса, және (немесе) шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауы себепті осындай мәмілені жасау туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдай алмайтын болса.
- 12.4. Осы Баптың 12.2 тармағымен тізімі белгіленген мәселелер атқарушы органға шешу үшін табыстала алмайды.
- 12.5. Директорлар кеңесі:
- 12.5.1. лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде болжалды мүдделер қайшылығын, соның ішінде, Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау барысында теріс пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жойып отыруға міндетті;
- 12.5.2. Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асырып отыруға міндетті.
- 12.6. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

13-бап. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру тәртібі

- 13.1. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға табыстауға құқылы емес.
- 13.2. **Директорлар кеңесінің мүшелері келесілердің арасынан сайланады:**
- 13.2.1. жеке тұлға-акционерлердің арасынан;
 - 13.2.2. акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалардың арасынан;
 - 13.2.3. Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлғалардың арасынан.
- 13.3. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру жолымен, дауыс беруге арналған бюллетеньдердің пайдаланылуымен жүзеге асырылады, бірақ Директорлар кеңесінің бір орнына бір кандидат сайлауға түскен жағдайды қоспағанда. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарды толығымен бір кандидатқа беруге немесе оларды Директорлар кеңесіне мүшелікке үміткер бірнеше кандидаттың арасында бөліп таратуға құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне тағайындалған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесіне мүшелікке екі немесе одан көп кандидат дауыстардың бірдей санын жинаған жағдайда, дауыстардың теңдей санын жинаған кандидаттардың

көрсетілуімен акционерлерге кумулятивті дауыс беру бюллетеньдерін ұсыну жолымен мұндай кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

13.4. Қоғамның Бас директоры Директорлар кеңесіне сайлануы мүмкін, алайда Директорлар кеңесінің Төрағасы лауазымына сайлана алмайды.

13.5. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде алты адамды құрайды. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

13.6. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерінің мерзімі акционерлердің Жалпы жиналысы тарапынан белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімі – барысында жаңа Директорлар кеңесінің сайлануы жүзеге асырылатын акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін сәтте бітеді.

13.7. Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің немесе жекеленген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері акционерлердің жалпы жиналысымен оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату – Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері – аталған хабарламаны Директорлар кеңесі алған сәттен бастап тоқтатылады, егер де Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмеген болса.

13.8. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау – акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған кумулятивтік дауыс беру жолымен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің қайтадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен қатар бір уақытта бітеді.

13.9. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз мәрте қайта сайлана алады.

13.10. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің арасынан, Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының дауыс басымдылығымен, ашық дауыс беру жолымен тағайындалады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

13.11. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғымен белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

13.12. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

13.12.1. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Қоғамның және оның акционерлерінің мүдделеріне сай хабардарлық, айқындық негізінде әрекет етуі тиіс;

13.12.2. барлық акционерлермен әділетті түрде қатынасуы тиіс, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір айтуы тиіс.

13.13. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Қоғамның Бас директорының бастамасы бойынша, я болмаса келесілердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

13.13.1. Директорлар кеңесінің кез-келген мүшесі;

13.13.2. Қоғамның ішкі аудит департаменті;

13.13.3. Қоғамға аудит жүргізуді жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;

13.13.4. ірі акционер.

13.14. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру жөніндегі талап – Директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылған күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарламаны жіберу жолымен, Директорлар кеңесінің Төрағасына ұсынылады.

13.15. Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда, бастама көтеруші аталған талаппен Қоғамның Бас директорына жүгінуге құқылы, ал ол Директорлар

кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғамның Бас директоры шақыру жөніндегі талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруы тиіс.

13.16. Директорлар кеңесінің мәжілісі – шақыру жөніндегі талапты ұсынған тұлғаның міндетті түрде шақырылуымен өткізіледі.

13.17. Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламалар, сондай-ақ күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжілісті өткізу күніне дейін кемінде жеті күн бұрын ұсынылады. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламалар – мәжіліс өткізілетін күнге дейін үш күн қалғанда жіберілуі мүмкін. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламада мәжілістің өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуы тиіс.

13.18. Директорлар кеңесінің мүшесі ертерек, бірақ мәжіліс күніне дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын Бас директорға Директорлар кеңесінің мәжілісіне өзінің қатыса алмайтыны туралы хабарлауға міндетті.

13.19. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санының жартысынан кем болмауы тиіс. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғымен белгіленген кворумға қол жеткізуге жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі – Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мақсатында акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті болады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің осындай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру жөнінде шешім қабылдауға ғана құқылы.

13.20. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысты иемденеді. Директорлар кеңесінің шешімдері – мәжіліске қатысып отырған мүшелердің қарапайым дауыс басымдылығымен қабылданады. Дауыстар бірдей болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы немесе Директорлар кеңесінің мәжілісіне төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

13.21. Директорлар кеңесі – Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын, өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

13.22. Директорлар кеңесінің мәжілістері қажетінше өткізіліп тұрады. Көзбе-көз тәртіпте өткізілген Директорлар кеңесінің мәжілісінде қабылданған оның шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол хаттаманы мәжіліс өткізілген күннен бастап үш күннің ішінде мәжіліске төрағалық етуші тұлға және Директорлар кеңесінің хатшысы жасап, қол қоюы тиіс және онда келесі ақпарат болуы тиіс:

13.22.1. Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

13.22.2. мәжілістің өткізілген күні, уақыты және орны;

13.22.3. мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;

13.22.4. мәжілістің күн тәртібі;

13.22.5. дауысқа салынған мәселелер, және де Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесінің көрсетілуімен, олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;

13.22.6. қабылданған шешімдер;

13.22.7. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.

13.23. Директорлар кеңесінің мәжілістерін өткізудің көзбе-көз нысаны Директорлар кеңесі мүшелерінің мәжілістерге бірлескен түрде жеке қатысуы арқылы, сондай-ақ бейнеконференц-байланыс, телефон арқылы конференц-байланыс арқылы немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке басын сәйкестендіруге және нақты уақыт тәртіптемесінде күн тәртібін талқылауға мүмкіндік беретін өзге байланыс құралдары арқылы іске асырылады. Мәжіліске аталған байланысу әдістері арқылы қатысу – мәжіліске жеке қатысумен теңестіріледі.

- 13.24. Қоғамның Директорлар кеңесі – Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру жолымен Директорлар кеңесінің шешімін қабылдауға құқылы. Мұндай шешімдерді қабылдау тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.
- 13.25. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім – белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда қабылданған болып танылады.
- 13.26. Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі жазбаша түрде рәсімделіп, Директорлар кеңесінің Төрағасы мен хатшысының қолы қойылуы тиіс.
- 13.27. Шешім рәсімделген күннен бастап жиырма күннің ішінде ол осындай шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелерінің қоса берілуімен Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.
- 13.28. Сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері мен Директорлар кеңесі мәжілістерінің хаттамалары Қоғамда сақталады. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу мақсатында ұсынуға міндетті және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен куәландырылған шешімдерді және хаттамадан үзінді көшірмелерді беруге міндетті.
- 13.29. Аса маңызды мәселелерді қарау үшін және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылған.
- 13.30. Директорлар кеңесінің комитеттері – нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Қоғамның Бас директоры Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағасы бола алмайды.
- 13.31. Директорлар кеңесі комитеттерінің құрылуы мен жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі тарапынан бекітілетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

14-бап. Қоғамның Бас директоры

- 14.1. Ағымдағы қызметті басқаруды жеке-дара атқарушы орган – Қоғамның Бас директоры жүзеге асырады.
- 14.2. Бас директор Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы. Бас директор акционерлердің Жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 14.3. Акционер де, Қоғамның акционер болып табылмайтын қызметкері де Бас директор бола алады. Бас директор Қоғамның Директорлар кеңесінің рұқсатымен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы, бірақ басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның немесе атқарушы органы басшысының лауазымын иемденуге құқылы емес.
- 14.4. Бас директордың қызметтері, құқықтары және міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен анықталады. Бас директормен жасалатын еңбек келісім-шартына Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы, я болмаса акционерлердің Жалпы жиналысы тарапынан немесе Директорлар кеңесі тарапынан осыған өкілеттендірілген тұлға қол қояды.
- 14.5. **Қоғамның Бас директоры:**
- 14.5.1. акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 14.5.2. үшінші тұлғалармен қарым-қатынас жасау барысында Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

14.5.3. Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасы барысында Қоғамды өкілдеу құқығын беретін сенімхаттар ұсынады;

14.5.4. Қоғамның қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады (Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жазаларды тағайындайды, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және еңбекақыға қосылатын жеке үстемелерді белгілейді, Қоғамның Ішкі аудит департаментінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің сыйақыларының мөлшерін анықтайды;

14.5.5. ірі мәміле болып табылмайтын келесідей мәмілелерді жасау туралы шешімдер қабылдайды:

3) нәтижесінде құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес пайызын және одан артық бөлігін құрайтын мүлік Қоғаммен сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алуы мүмкін немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жиынтығы;

4) нәтижесінде Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды өтеуін төлеп алуы мүмкін немесе бір түрдегі орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес пайызын және одан артық бөлігін құрамайтын мөлшерде қоғамның өтеуін төлеп алған бағалы қағаздарын сатуы мүмкін мәміле немесе бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жиынтығы.

14.5.6. басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызын құрамайтын мөлшерде Қоғамның сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешімдер қабылдайды;

14.5.7. акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он пайызынан аз бөлігі қоғамға тиесілі заңды тұлғаның акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметтің мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

14.5.8. осы Жарғымен, акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге функцияларды жүзеге асырады.

15-бап. Корпоративтік хатшы

15.1. Корпоративтік Хатшы – Директорлар кеңесінің мүшесі және (немесе) Қоғамның Бас директоры болып табылмайтын, Қоғамның Директорлар кеңесімен тағайындалған және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін, сондай-ақ өз қызметі аясында Қоғамның Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысының мәжілістерінің дайындалуын және өткізілуін бақылайтын, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуіне бақылау жасайтын, сондай-ақ Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғалары тарапынан Қоғам акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдердің орындалуын қамтамасыз ететін, сонымен қатар Қоғам тарапынан Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнамасы нормаларының, Жарғы ережелерінің, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының орындалуын қамтамасыз ететін Қоғамның қызметкері.

15.2. Корпоративтік хатшы өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының талаптарын орындауға міндетті.

15.3. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

15.4. Корпоративтік хатшы өз қызметін Қоғамдағы басқа міндеттерді орындаумен қоса атқаруға құқылы.

16-бап. Қоғамның акционерлеріне оның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

16.1. Қоғам «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген тәртіпте қор биржасының

интернет-ресурсында және қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсында ақпарат ашуды жүзеге асыруға міндетті.

16.2. Қоғамның қызметіне қатысты оның құжаттары Қоғамның бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша Қоғаммен сақталуы тиіс.

17-бап. Қаржылық есептілік және Қоғамға аудит жасау

17.1. Қоғамның бухгалтерлік теңгерімін жүргізу және қаржылық есептілік жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарымен белгіленеді.

17.2. Қоғамның Бас директоры жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысына – аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген, өткен жылға арналған жылдық қаржы есептілігін қарауға және бекітуге ұсынады. Қаржылық есептілікпен қатар, Бас директор Жалпы жиналысқа аудиторлық есепті ұсынады.

17.3. Жылдық қаржы есептілігі акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін кемінде отыз күн бұрын Директорлар кеңесі тарапынан алдын ала бекітілуі тиіс.

17.4. Қоғамның жылдық қаржы есептілігін ақтық бекіту – акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүргізіледі.

17.5. Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитариінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігін, ал егер еншілес ұйымы (ұйымдары) жоқ болса – шоғырландырылмаған жылдық қаржы есептілігін және аудиторлық есепті уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде жариялап отыруға міндетті. Ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдделілігі бар мәміле туралы ақпарат халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жылдық қаржы есептілігіне қоса берілетін түсіндірме жазбахатта ашылады, сондай-ақ Заңмен және «Бағалы қағаздар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген талаптарға сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде қоғам активтерінің мөлшерінің он пайызын немесе одан артық соманы құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат – мәміледегі тараптар туралы, мәміленің шарттары мен мерзімдері туралы, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің көлемі мен сипаты туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.

17.6. Қоғам жылдық қаржы есептілігіне аудит жүргізуге міндетті. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Қоғамның Бас директорының бастамасымен Қоғамның есебінен, я болмаса ірі акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше анықтауға құқылы. Ірі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым тарапынан сұралған барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) ұсынуға міндетті.

17.7. Егер Қоғамның Бас директоры Қоғамның аудитін өткізуден жалтаратын болса, аудит кез-келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша соттың шешімімен тағайындалуы мүмкін.

18-бап. Қоғамның Ішкі аудит департаменті

18.1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит департаменті (әрі қарай – Департамент құрылған). Департамент тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы бойынша оған есеп береді. Департаменттің қызметіне жетекшілік ету – Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті тарапынан жүзеге асырылады.

18.2. Департаменттің қызметкерлері Қоғамның атқарушы органының және Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды.

18.3. Ішкі аудит департаментінің құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

19-бап. Қоғамның лауазымды тұлғаларының және акционерлерінің

Қоғамға өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты беруі

19.1. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін – осы тұлғалардың немесе орталық депозитарийдің ұсынған мәліметтері негізінде жүргізуге міндетті (уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты).

19.2. **Қоғамның акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты келесі ауқымда ұсынады:**

19.2.1. Жеке тұлғалар туралы: тегі, есімі, әкесінің аты (әкесінің аты болған жағдайда); жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы мәліметтер, туылған күні; сәйкестендірме нөмірі (ЖСН), үлестестікті тану үшін негіздемелер; үлестестіктің пайда болған күні, резиденттігі.

19.2.2. Заңды тұлғалар туралы: заңды тұлғаның толық атауы; заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу нөмірі және тіркелген күні, заңды тұлғаның пошталық мекен-жайы және іс жүзіндегі орналасқан жері; үлестестікті тану үшін негіздемелер; үлестестіктің пайда болған күні, резиденттігі.

19.3. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестіктің туындау күнінен бастап жеті күннің ішінде Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті .

20-бап. Қоғамның қызметін тоқтату

20.1. Қоғамның қызметін тоқтату – Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүзеге асырылады.

20.2. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосылу, қосып алу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген ерекшеліктердің ескерілуімен жүзеге асырылады. Егер қайта құрылған жағдайда Қоғам өз қызметін тоқтататын болса, Қоғам акцияларының шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуы тиіс.

20.3. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды, ол Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, кредиторлармен келісу арқылы және олардың бақылауымен тарату рәсімін анықтайды.

20.4. Қоғамды мәжбүрлі түрде тарату – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда сот тарапынан жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзге жағдайлар қарастырылмаған жағдайда, Қоғамды тарату жөніндегі талапты сотқа мүдделі тұлғалар ұсынуы мүмкін.

20.5. Қоғамды тарату туралы соттың немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

20.6. Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезеңінде оны басқару өкілеттіктерін және тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған әрекеттерді орындау өкілеттіктерін иемденеді.

20.7. Қоғам ерікті түрде таратылған жағдайда тарату комиссиясының құрамына Қоғамның кредиторларының өкілдері, ірі акционерлердің өкілдері, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуі тиіс.

20.8. Қоғамды тарату рәсімі мен оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

20.9. Қоғам таратылған жағдайда оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жойылуы тиіс.

20.10. Тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған, таратылып жатқан Қоғамның мүлкін акционерлердің арасында келесі кезектілікпен бөледі:

1) бірінші кезекте – Заңға сәйкес өтеуін төлеп алынуы тиіс акциялар бойынша төлемдер;

2) екінші кезекте – пұрсатты акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтердің төлемі;

3) үшінші кезекте – жай акциялар бойынша есептелген және төленбеген дивидендтердің төлемі.

Қалған мүлік Заңның 13 бабының 2-тармағы талаптарының ескерілуімен, акцияларды иемденушілердің барлығының арасында, оларға тиесілі акциялардың санына барабар шамада бөліп таратылады.

20.11. Бизнес-сәйкестендірме нөмірлердің ұлттық тізіліміне осы туралы мәліметтер енгізілген сәттен бастап – Қоғамды тарату аяқталған болып, ал Қоғам өз қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

21-бап. Қорытынды ережелер

21.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық өзге жағдайларда Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

21.2. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

Акционерлердің жалпы жиналысымен уәкілеттендірілген
Қоғамның Бас директоры
Кан Сергей Владимирович



Республика Казахстан, город Алматы.

Двадцать четвертое апреля две тысячи девятнадцатого года.

Я, Абеева Альмира Орымбековна, частный нотариус города Алматы, действующий на основании государственной лицензии №0001308 от 28 июня 2008 года, выданной Комитетом по организации правовой помощи и оказанию юридических услуг населению Министерства юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Генерального директора Акционерного общества «Центрально-Азиатская Электроэнергетическая Корпорация» Кан Сергея Владимировича, которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, дееспособность его и полномочия, а также правоспособность Акционерного общества «Центрально-Азиатская Электроэнергетическая Корпорация» проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 423

Взыскано: 2778 тенге (253 тенге + 2525 тенге)

Нотариус _____



Нөмірленген және / Пронумеровано
и прошнуровано на <u>39 (Тридцать</u>
<u>девяти</u> баулықталған / Страницах
Нотариус _____

